

## ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ СОЦИАЛЬНАЯ ПСИХОЛОГИЯ

ҒТАМР 159.99

10.51889/2959-5967.2025.85.4.025

М.К. Бапаева\* , Ф.М. Куантканова , А.С. Аубәкір , М.И. Багибаева ,

А.К. Байздрахманова 

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан

### ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛДАРЫ

#### Аңдатпа

Отбасылық зорлық-зомбылық – адамның жасына, жынысына, нәсіліне қарамастан әлемнің әр түрлі елдерінде кең таралған әлеуметтік-психологиялық мәселе. Бұл құбылыстың себептері, түрлері және оның қоғамға әсері зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – отбасылық зорлық-зомбылықтың таралу деңгейін анықтау, оның себептерін талдау және алдын алу шараларын ұсыну. Негізгі зерттеу бағыттары – отбасылық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік-экономикалық, психологиялық аспектілерін анықтау, оның салдарын бағалау және тиімді алдын алу стратегияларын әзірлеу. Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы зорлық-зомбылықтың түрлері мен оның зардаптарын сипаттау, сондай-ақ осы мәселені шешуге бағытталған заңнамалық және әлеуметтік шараларды жетілдіру қажеттілігін негіздеуден тұрады. Сонымен қатар, балалар мен әйелдердің психологиялық әл-ауқатына әсер ететін факторларды қарастыру арқылы олардың құқықтарын қорғау жолдарын анықтау жұмыстың өзектілігін арттырады. Зерттеу әдістемесі ретінде шетелдік және отандық әдебиеттерге салыстырмалы талдау, сондай-ақ авторлық сауалнама қолданылды. «Отбасындағы ерлі-зайыптылардың эмоциялық күйі мен зорлық-зомбылық қатынасы» атты авторлық сауалнама арқылы зорлық-зомбылыққа тәуелділік факторлары анықталды. Зерттеу барысында Қазақстанның оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс, орталық аймақтарындағы отбасылар арасында 2600 респондентті қамтитын сауалнама жүргізілді. Негізгі нәтижелер отбасылық зорлық-зомбылықтың көп таралған түрлерін (физикалық, психологиялық, экономикалық, жыныстық) сипаттаумен қатар, оның балалар мен әйелдердің эмоционалдық және когнитивті жағдайына тигізетін кері әсерін көрсетеді. Қазақстан жағдайында әйелдер мен балаларды қорғау шаралары мен заңнамалық өзгерістердің қажеттілігі анықталды. Осы зерттеудің құндылығы - отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тиімді шараларды әзірлеуге негіз болатын нақты ғылыми мәліметтердің ұсынылуында. Оның прак-тикалық маңызы – қоғамда отбасындағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендетуге бағытталған әлеуметтік және заңнамалық бастамаларды қалыптастыруға ықпал етуінде.

**Түйін сөздер:** отбасылық зорлық-зомбылық, психикалық жарақат, зорлық-зомбылықтың әсер ету формалары, психикалық денсаулық, күйзеліс, үш фазалы теория.

Бапаева М.К.\* , Куантканова Ф.М., Аубәкір А.С., Багибаева М.И., А.К. Байздрахманова  
Казахский национальный женский педагогический университет г.Алматы, Казахстан

### СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ НАСИЛИЯ В СЕМЬЕ

#### Аннотация

Семейное насилие – это социально-психологическая проблема, распространенная в разных странах мира, независимо от возраста, пола, расы человека. Причины, виды этого явления и его влияние на общество рассматриваются как объект исследования. Цель исследования – определить уровень распространения семейного насилия, проанализировать его причины и предложить меры профилактики. Основными направлениями исследований являются выявление социально-экономических, психологических аспектов семейного насилия, оценка его последствий и разработка эффективных стратегий профилактики. Научная и практическая значимость исследования состоит в описании видов насилия и его последствий, а также обосновании необходимости совершенствования законодательных и социальных мер, направленных на решение данной проблемы. Кроме того, выявление путей защиты прав детей и женщин путем рассмотрения факторов, влияющих на их психологическое благополучие,

повышает актуальность работы. В качестве методологии исследования использовался сравнительный анализ зарубежной и отечественной литературы, а также авторский опрос. С помощью авторского опроса «Эмоциональное состояние супругов и его связь с насилием в семье» были выявлены факторы зависимости от насилия. В ходе исследования был проведён опрос среди семей в южных, северных, западных, восточных и центральных регионах Казахстана, охвативший 2600 респондентов. Основные результаты, помимо описания наиболее распространенных форм семейного насилия (физического, психологического, экономического, сексуального), указывают на его негативное влияние на эмоциональное и когнитивное состояние детей и женщин. Выявлена необходимость законодательных изменений и мер защиты женщин и детей в условиях Казахстана. Ценность данного исследования заключается в предоставлении конкретных научных данных, которые станут основой для разработки эффективных мер по предотвращению семейного насилия. Его практическая значимость состоит в содействии формированию социальных и законодательных инициатив, направленных на снижение уровня насилия в семье в обществе.

**Ключевые слова:** семейное насилие, психическая травма, формы воздействия насилия, психическое здоровье, стресс, трехфазная теория.

*M. Bapaeva\*, F. Kuantkanova, A. Aubakir, M. Bagibaeva, A. Baizdrakhmanova*  
*Kazakh National Women's Teacher Training University Almaty, Kazakhstan*

## SOCIAL AND PSYCHOLOGICAL CONSEQUENCES OF DOMESTIC VIOLENCE

### *Abstract*

Domestic violence is a socio-psychological problem widespread across different countries, regardless of age, gender, or race. This study examines its causes, types, and impact on society. The research aims to determine the prevalence of domestic violence, analyze its causes, and propose preventive measures. Key areas include identifying socio-economic and psychological aspects, assessing consequences, and developing prevention strategies. The study highlights the need for legislative and social measures to address domestic violence. Protecting children's and women's rights by considering factors affecting their psychological well-being increases its relevance. Research methods included a comparative analysis of foreign and domestic literature and an original survey. The survey, "The Emotional State of Spouses and Its Correlation with Domestic Violence," examined self-reflection levels and dependence on violent relationships. Conducted across five regions of Kazakhstan, it involved 2,600 participants. Findings describe the most common forms of domestic violence—physical, psychological, economic, and sexual—and their negative effects on children and women. The study emphasizes the necessity of legislative reforms and protective measures in Kazakhstan. This research provides scientific data to support effective prevention strategies. Its practical significance lies in contributing to social and legislative initiatives aimed at reducing domestic violence.

**Keywords:** domestic violence, mental trauma, forms of violence, mental health, stress, three-phase theory.

**Кіріспе.** Отбасындағы зорлық-зомбылық – бұл қоғамдық денсаулық сақтау мен адам құқықтарының бұзылуына қатысты өзекті жаһандық проблема. Ол зардап шеккен адамдардың физикалық және психикалық денсаулығына ауыр салдарын тигізеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) отбасындағы зорлық-зомбылықты «*физикалық агрессия актілерін, психологиялық қысым мен зорлық-зомбылықты, қарым-қатынастағы зорлық-зомбылықты және жыныстық мәжбүрлеудің өзге де түрлерін, сондай-ақ денелік, психологиялық немесе жыныстық зиян келтіретін кез келген мінез-құлықты*» қамтитын құбылыс ретінде анықтайды [1, 1743-1750 б.]. «Отбасындағы зорлық-зомбылық» (ОЗЗ) термині жұбайынан, жыныстық әріптесінен немесе отбасы мүшелерінен физикалық, психологиялық немесе жыныстық зақым көрген адамдарға қатысты қолданылады. ОЗЗ құрбандарына көбінесе әйелдер, қыздар, балалар және қарттар ұшырайды. Олар жыныстық, физикалық, психологиялық және экономикалық қысым сияқты зорлық-зомбылықтың түрлерін бастарынан кешіреді. ОЗЗ салдары депрессия, алаңдаушылық, посттравматикалық стресстік бұзылу, ұйқысыздық және өзін-өзі өлтіру әрекеттерімен байланысты.

Отбасылық зорлық-зомбылық көбінесе «*жақын серіктестік зорлық-зомбылықпен*» синоним ретінде қарастырылғанымен, зерттеушілер зорлық-зомбылықтың үйдегі басқа адамдар — мысалы, ересек балалар, ата-аналар, өзге туыстар немесе үй иелері тарапынан да жасалуы мүмкін екенін атап көрсетеді [2; 3–7 б.]. Мұндай жағдайлар көбіне әйелдерге тән болғанымен, соңғы зерттеулер ерлердің де зорлық-зомбылық құрбаны болу жағдайларының жиілігі 3%-дан 20%-ға дейін жететінін

айқындаған [3, 534–541 б.]. Зорлық зомбылықтың физикалық, эмоциялық, жыныстық, ауызша немесе қаржылық түрлері кездеседі және құрбандар аталған қиянаттың кез келген түріне ұшырауы мүмкін. Дүние жүзінде шамамен 5 баланың 1-і қатыгездікке ұшырайды [4, 37-50 б.]. Қылмыстарды қайта жасау жиі кездеседі, кейбір зерттеулер отбасылық зорлық-зомбылықтан аман қалғандардың жартысына жуығы бір жыл ішінде отбасылық зорлық-зомбылықты қайта жасағанын және отбасылық зорлық-зомбылық жасағандардың жартысы 3 ай ішінде жалпы зорлық-зомбылықтың жаңа эпизодын жасайтыны тіркелген [5, 458-472 б.]. Отбасылық зорлық-зомбылықты бастан кешіру мерзімінен бұрын өлімге бас тігу, өзіне зиян келтіру, депрессия, мазасыздық және жарақаттан кейінгі стресстің бұзылуын қоса алғанда, ұзақ мерзімді жағымсыз әсерлермен байланысты.

Отбасылық зорлық-зомбылықты физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылық болсын, жақын қарым-қатынаста нақты немесе қауіп төндіретін кез келген зорлық-зомбылық ретінде анықтауға болады. Отбасылық зорлық-зомбылық көбінесе зорлық-зомбылықтың басқа түрлерімен, соның ішінде эмоциялық және психологиялық зорлық-зомбылық, қылмыстық қудалау және балаларға, басқа отбасы мүшелеріне, үй жануарларына немесе мүлікке зиян келтіру қаупімен қатар жүреді. Бұл зерттеу отбасылық зорлық-зомбылықты тереңірек түсінуге және оны алдын алу бойынша кешенді шараларды әзірлеуге бағытталған.

Отбасылық зорлық-зомбылық физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылық түрінде көрініс табуы мүмкін және жақын қарым-қатынаста нақты немесе қауіп төндіретін кез келген зорлық-зомбылықты білдіреді. Ол көбінесе эмоциялық және психологиялық зорлық-зомбылықпен, қылмыстық қудалау актілерімен және балаларға, басқа отбасы мүшелеріне, үй жануарларына немесе мүлікке зиян келтіру қаупімен қатар жүреді.

Осы зерттеу отбасылық зорлық-зомбылықты тереңірек түсінуге және оны алдын алу бойынша кешенді шараларды әзірлеуге бағытталған. Зерттеудің мақсаты – отбасындағы зорлық-зомбылықтың себептерін, салдарын және алдын алу тетіктерін зерттеу. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады: Отбасылық зорлық-зомбылықтың негізгі түрлерін және олардың ерекшеліктерін сипаттау; Отбасындағы зорлық-зомбылықтың психологиялық және әлеуметтік салдарын талдау; Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын айқындау.

Зерттеу объектісі – отбасындағы зорлық-зомбылық құбылысы, ал зерттеу пәні – оның психологиялық, әлеуметтік және құқықтық аспектілері. Зерттеу барысында жүйелі және кешенді талдау, салыстырмалы әдіс, сондай-ақ эмпирикалық зерттеу әдістері, статистикалық деректерді талдауда jamovi (Version 2.6) бағдарламасы және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында сызықтық регрессиялық талдау қолданылды [6].

Осылайша, зерттеу отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тиімді шараларды әзірлеуге, сондай-ақ осы құбылыстың тереңдетілген ғылыми түсінігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты теориялық тұжырымдамалар оны жүйелі, тұлғааралық және психологиялық факторлардың нәтижесі ретінде қарастырады. Олардың арасында зорлық-зомбылық ұрпақтан ұрпаққа берілетін Альберт Бандураның әлеуметтік оқыту теориясы [7], отбасыны зорлық-зомбылық күйзеліске немесе теңгерімсіздікке реакция ретінде туындайтын жүйе ретінде қарастыратын Мюррей Боуэнның жүйелер теориясы [8], Джон Боулбидің зорлық-зомбылықты бала мен ата-ана арасындағы байланыстың бұзылуымен түсіндіретін байланыстылық теориясы [9] және зорлаушы мен жәбірленушінің жеке ерекшеліктеріне назар аударатын психологиялық теориялар ерекшеленеді.

Әлеуметтік оқыту теориясы отбасындағы зорлық-зомбылық бала кезіндегі бақылау және ұқсастыру арқылы меңгерілген мінез-құлық болуы мүмкін деп болжайды [7]. Жүйелер теориясы зорлық-зомбылық стресске, өзара іс-қимылдың дисфункционалдық үлгілеріне немесе бұзылған шекараларға реакция ретінде туындайтын динамикалық жүйе ретінде қарайды [8].

Психологиялық теориялар: Байланыстылық теориясы бала мен ата-ана арасындағы сенімсіз немесе қауіпсіз байланыстылық тұлғааралық қарым-қатынастарда туындаған мәселелерге және болашақта зорлық-зомбылыққа әкелуі мүмкін екенін көрсетсе [9], психопатология теориясы зорлық-зомбылық қолдануға ықпал ететін өзін-өзі бағалаудың төмендігі, импульсивтілік немесе жеке адамның қоғамға қарсы қасиеттері сияқты зорлық-зомбылықтың жеке психологиялық проблемаларына назар аударады [10].

Феминистік теория отбасындағы зорлық-зомбылықты патриархаттық құрылымдардың көрінісі және серіктеске бақылау орнату, гендерлік теңсіздікті сақтау тәсілі ретінде қарастырады [11]. Әлеуметтік теория кедейлік, жұмыссыздық, әлеуметтік оқшаулау және отбасындағы зорлық-

зомбылықтың өсуіне ықпал ететін мәдени нормалар сияқты әлеуметтік факторларға назар аударады [12-14].

Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты тұжырымдамалар оны бір теориямен түсіндіруге болмайтын көп факторлы құбылыс ретінде қарастырады. Әртүрлі теориялық тәсілдер зорлық-зомбылық қатынастарының негізіне жататын әртүрлі себептер мен тетіктерді бөліп көрсетеді. Әлеуметтік теорияларға әлеуметтік алмасу теориясын, отбасылық жанжал теориясын жатқызады. Әлеуметтік алмасу теориясына сәйкес адамдар қарым-қатынасты пайдасы мен шығынына қарай бағалайды. Зорлық-зомбылық әлеуетті пайдалар (мысалы, басқа адамға бақылау алу) шығындардан немесе тәуекелдерден (мысалы, бедел үшін салдарлар, жаза) асып кеткен кезде туындайды. Бұл теория қоғам агрессор үшін тәуекелдерді барынша азайтатын жағдайда үйде зорлық-зомбылық болуы мүмкін деп болжайды. Отбасылық жанжал теориясы отбасын жанжал болмай қоймайтын жүйе ретінде қарастырады. Ол зорлық-зомбылық – жанжалдарды реттеудің тиімсіз немесе барабар емес тетіктеріне байланысты отбасы қолданатын шешімдердің бірі деп есептейді. Зорлық-зомбылықтың психологиялық теориялары адамды агрессивті және зорлық-зомбылық мінез-құлыққа итермелейтін жеке адамның ішкі, жеке ерекшеліктеріне назар аударады. Әлеуметтік немесе феминистік көзқарастардан айырмашылығы, психологиялық бағыт зорлық-зомбылықты психикалық жарақаттардың, дұрыс тәрбиеленбеудің немесе шешілмеген ішкі қақтығыстардың әсерінен туындайтын адамның эмоционалдық, когнитивтік және жеке салаларындағы бұзушылықтардың нәтижесі ретінде қарастырады.

Психоаналитикалық бағыттың негізін қалаушы Зигмунд Фрейд, ол агрессия мен зорлық-зомбылықты санасыз тартулар мен ығыстырылған импульстардың көрінісі ретінде түсіндірді. «Beyond the Pleasure Principle» жұмысында ол сыртқы әлемді де, субъектінің өзін де бұзуға бағытталған өлім инстинкті (танатос) ұғымын енгізеді [15]. Кейінірек, «Civilization and Its Discontents» еңбегінде З. Фрейд агрессивті энергия адамзат табиғатының бұлтартпас бөлігі болып табылады, оны мәдениет пен әлеуметтік институттар тежейді [16]. Осылайша, зорлық-зомбылық биологиялық импульстар мен мәдени шектеулер арасындағы ішкі қақтығыстың нәтижесі ретінде қарастырылады. Эрих Фромм зорлық-зомбылықты жеке адамның деструктивті бағдарымен және қазіргі қоғамдағы адамның оқшаулануымен байланыстыра отырып, гуманистік бағытта психоанализ идеяларын дамытады. «Escape from Freedom» кітабында ол бостандық пен жауапкершіліктен қорқу басқаларға бағынуға және билікке ұмтылуды қалай тудыратынын сипаттайды. «The Anatomy of Human Destructiveness» еңбегінде Э. Фромм «реактивті» және «зиянды» агрессияны ажыратады, оның соңғысы зорлық-зомбылық, садизм және қиратушы мінез-құлық үшін негіз болады. Оның пікірінше, зорлық-зомбылық – бұл биологиялық бұлтартпаушылық емес, әлеуметтік жағдайлардың және жеке адамның деформациясының нәтижесі.

Жеке даралық психологияның негізін қалаушы Альфред Адлер зорлық-зомбылықты төмен баға мен артықшылыққа ұмтылыс кешенінің көрінісі ретінде қарастырды. А. Адлер бойынша, ішкі әлсіздікті немесе сенімсіздікті сезінетін адам өтемақы тәсілі ретінде басқаларды үстемдікке және бақылауға ұмтылуы мүмкін. «Understanding Human Nature» және «What Life Could Mean to You» еңбектерінде автор зорлық-зомбылық көбінесе дұрыс тәрбиеленбеудің және әлеуметтік қызығушылықтың - қоғамдастық пен басқа адамдарға қатысты эмпатияның болмауының салдары болып табылатынын атап көрсеткен.

Дональд Даттон сияқты қазіргі заманғы зерттеушілер зорлық-зомбылықты жеке қасиеттердің, эмоциялық бұзылулардың және балалық шақтағы жарақаттық тәжірибенің үйлесімі ретінде қарастырады. «The Domestic Assault of Women: Psychological and Criminal Justice Perspectives» кітабында Даттон зорлаушылардың типологиясын сипаттап, олардың көбі шекаралық жеке басының бұзылуынан, импульсивтілігінен және эмоциялық реттеу қабілетінің бұзылуынан зардап шегетінін атап өтті. «The Batterer: A Psychological Profile» жұмысында ол зорлық-зомбылыққа бейімділікті балалардың жарақаттарымен, тұрақсыз байланыстарымен және эмпатия тапшылығымен байланыстырады [17].

Осылайша, зорлық-зомбылықтың психологиялық теорияларын зорлық-зомбылық мінез-құлық ішкі жанжалдардың, тұлғалық деформациялар мен ерте жарақат алудың өзара іс-қимылы нәтижесінде қалыптасады деген идея біріктіреді. Олар қайталанған зорлық-зомбылық әрекеттерін болдырмау үшін агрессор мен құрбанның тұлғасымен кешенді психотерапиялық жұмыс жүргізу қажеттігін атап көрсетеді.

Отбасылық зорлық-зомбылық – қоғамның барлық салаларында кездесетін, барлық жастағы және жыныстағы адамдарға әсер ететін күрделі әлеуметтік мәселе. Отбасылық зорлық-зомбылықты тудыратын себептер белгілі бір әлеуметтік топтың және белгілі бір елдің жағдайында да нақты болуы мүмкін. Зерттеулер көптеген елдерге тән отбасылық зорлық-зомбылықтың жалпы себептерін анықтайды. Атап айтқанда, отбасылық зорлық-зомбылық себептерінің ішінде көбінесе әлеуметтік-экономикалық дамудың төмен деңгейі, кедейліктің жоғары деңгейі, білім деңгейінің төмендігі және демократиялық мәдениеттің болмауы және т.б. атап көрсетеді.

Күрделі дағдарыс кезеңінде елдегі келеңсіз процестердің дамуы тұрақсыздандыру құбылыстарын күшейтеді, ол үйде және отбасында жасалған қылмыстардан көрінеді. Қоғамның отбасылық зорлық-зомбылық мәселесіне төзімділік деңгейі ұлттық мәдениеттің ерекшеліктеріне және мемлекеттік құрылымдардың сыбайлас жемқорлық деңгейіне байланысты да өзгеріп отырады. Отбасылық зорлық-зомбылықтың ең осал құрбандары – балалар, қарттар мен әйелдер Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәдени, географиялық, діни, әлеуметтік және экономикалық шекаралардан асып түсетін жаһандық мәселе. Бүкіл әлемде әйелдер жасына, мансабына, нәсіліне және ұлтына қарамастан зорлық-зомбылыққа ұшырайды.

Әйелдерге қатысты физикалық, психологиялық, жыныстық және экономикалық зорлық-зомбылық кең таралған. Соңғы бағалаулар әлем бойынша 18 және одан жоғары жастағы әйелдердің шамамен 30%-ы өмір бойы жыныстық серіктесінен зорлық-зомбылық көргенін көрсетеді. Жыныстық серіктестес тарапынан жасалған зорлық-зомбылық бүкіл әлемде әйел өлтірудің басты себебі болып табылады және денсаулыққа, көптеген басқа да жағымсыз салдарларға ие. Айта кету керек, отбасылық зорлық-зомбылық халықтың барлық әлеуметтік-экономикалық және мәдени топтарында орын алады. Статистика үйдегі зорлық-зомбылықтың бүкіл әлемде де, елдерде де алаңдатарлық деңгейін көрсетеді.

Бүкіл әлемде отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте сенімді әрі ғылыми негізделген шаралардың қажеттілігі мойындалуда Мұндай шаралар мәдени ерекшеліктерді ескеруі тиіс. Таяуда жүргізілген шолуда отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күреске арналған қолданыстағы әдістердің психометриялық қасиеттері зерттелді. Мысалы, Оңтүстік Азия контекстінде қолданылатын бірқатар құралдар талданды: отбасындағы зорлық-зомбылық туралы сауалнама, Үндістандағы отбасылық зорлық-зомбылыққа мәжбүрлеу шкаласы, Оңтүстік Азиядағы зорлық-зомбылықты скринингтеу әдісі, сондай-ақ Оңтүстік Азиядан АҚШ-қа көшіп келген әйелдер арасында күйеуінің туыстары тарапынан жасалатын қатыгездікті өлшеуге арналған шкала.

Дегенмен, Оңтүстік Азия елдерінде, соның ішінде Үндістанда да, қолданыстағы ғылыми негізделген шаралар негізінен отбасылық зорлық-зомбылықтың таралуын, түрлері мен динамикасын өлшеуге бағытталған. Бұл әдістер әйелдерге қатысты серіктестері мен күйеуінің туыстары тарапынан болатын ауыр немесе өлімге әкелетін зорлық-зомбылық қаупін бағалауға арналған арнайы құралдар болып табылмайды.

Отбасындағы зорлық-зомбылық Үндістандағы қоғамдық денсаулық сақтау саласының маңызды мәселелерінің бірі болып қалып отыр және оның әйелдерге тигізетін кері әсері айтарлықтай. Отбасындағы зорлық-зомбылық ерлі-зайыптылар арасындағы және өзге де отбасы мүшелері арасындағы агрессивті әрекеттерді қамтуы мүмкін. Алайда ерлі-зайыптылық қатынастағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық Үндістандағы қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. 2019–2021 жылдары жүргізілген Үндістанның ұлттық отбасы денсаулығын зерттеу есебіне сәйкес, некеде тұрған әйелдердің 32%-ы ерлі-зайыптылық қатынастарда зорлық-зомбылық көргенін хабарлаған.

Үнді контекстінде отбасындағы зорлық-зомбылық әйелге оның жұбайы, жыныстық серіктесі немесе туыстары тарапынан жасалатын физикалық, сексуалдық, экономикалық не психологиялық зиян немесе осындай зиян келтіру қаупі ретінде айқындалады. Мұндай зорлық-зомбылық кісі өлтіру мен өзін-өзі өлтіру сияқты аса ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Кісі өлтіру – отбасындағы зорлық-зомбылықтың ең шекті және ауыр нәтижесі болып табылады. Әлемдік деректерге сәйкес, жыныстық серіктестер тарапынан жасалған кісі өлтірулер әйелдердің өлімінің үштен бірінен астамын құрайды.

Әйелдердің мәдени шығу тегінің әртүрлілігі отбасындағы зорлық-зомбылық тәжірибесін түсінуге, сипаттауға және жариялауға айтарлықтай әсер етеді. Мәдени ерекшеліктерді ескермеу зорлық-зомбылық қаупін дер кезінде анықтай алмауға және зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге қатысты қате немесе асығыс болжамдар жасауға әкелуі мүмкін. Бір мәдениетте сенімді әрі жарамды болып саналатын тәуекелдерді бағалау әдістері басқа мәдениеттерде дәл сондай нәтижелер бермеуі

мүмкін. Сондықтан нақты мәдени топтарға бейімделген тәуекелдерді бағалау тәсілдерін әзірлеу аса маңызды. Алайда көптеген елдерде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған нақты стратегиялар әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Мысалы, АҚШ-та зорлық-зомбылық көрген әйелдерге қатысты алдағы уақытта қайталануы немесе кісі өліміне ұласу қаупін анықтауға арналған арнайы бағалау тәсілдері қолданылады. Алайда мұндай «әмбебап тәсілді» пайдалану басқа елдер жағдайында кейде өзін ақтамауы да мүмкін. Мәселен үндістанда отбасындағы зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің арасында отбасындағы зорлық-зомбылықтың немесе кісі өлтіру қаупін болжау үшін арнайы қауіп-қатерді бағалау құралдары әзірленіп, оны тестілеу арқылы алынған мәліметтерді толықтыруда қолданған.

Балалық шақтағы отбасылық зорлық-зомбылықтың ұзақ мерзімді әсері — қоғам үшін маңызды мәселе болып табылады. Лонгитюдті зерттеулердің нәтижелері бұл мәселенің салдарын айқын көрсетеді. Мәселен, Қытайда зейнет жасындағы адамдар арасында жүргізілген зерттеу эмпирикалық дәлелдерге сүйене отырып, отбасылық зорлық-зомбылықтың жеке тұлғаға тигізетін ұзақ мерзімді әсерін сандық тұрғыда анықтаған. Біріншіден, зерттеу барысында зорлық-зомбылық жарақаты, немқұрайлылық, эмоционалдық зорлық-зомбылық және отбасылық зорлық-зомбылыққа куә болу сияқты төрт өлшем негізінде отбасылық зорлық-зомбылықты сандық бағалауға арналған индикаторлық жүйе жасалды. Екіншіден, денсаулық пен өмірге қанағаттану деңгейінің өзара байланысын бағалау үшін бір мезгілде теңдеулер жүйесіне негізделген регрессиялық үлгі қолданылды. Білім деңгейіне, денсаулыққа және өмірге қанағаттануға дейінгі кезеңдерде отбасылық зорлық-зомбылық тәжірибесінің жеке тұлғаға тигізетін ұзақ мерзімді әсері сандық тұрғыда анықталған. Бұл зерттеу нәтижелері отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен зорлық-зомбылықтан туындаған жарақатты емдеуде маңызды эмпирикалық дәлелдер ұсынады.

Эмпирикалық зерттеулер мынаны көрсетеді:

1. Отбасылық зорлық-зомбылық тәжірибесі оқу жетістіктерін айтарлықтай төмендетеді. Зорлық-зомбылық, немқұрайлы қарау және отбасылық зорлық-зомбылықты көру үш өлшеммен салыстырғанда, эмоциялық зорлық-зомбылықтың білім беру жетістіктеріне кері әсері орасан.

2. Отбасылық зорлық-зомбылық адамның өз денсаулығын бағалау деңгейін және өмірге қанағаттану сезімін айтарлықтай төмендетеді, сонымен қатар психикалық денсаулыққа төнетін субъективті қауіптің артуына ықпал етеді. Үйдегі зорлық-зомбылықтың күрделілігі мен жасырын сипатын, сондай-ақ эмпирикалық зерттеу нәтижелерін ескере отырып, бұл жағдайда отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оны бақылауға бағытталған тиімді қарсы шараларды әзірлеу қажет.

Ланди мен Гроссман өз зерттеулерінде отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшыраған 4636 баланы іріктеп тексереді. Олардың көбісіне мектеп ережелерін сақтау қиын болды, ал үштен бірі өте агрессивті мінез-құлықты көрсеткен. Бұл тұжырым басқа зерттеуде де расталды. Отбасылық зорлық-зомбылықтың әсерінен болатын зиянды елемеуге болмайды. Отбасылық зорлық-зомбылыққа куә болмаған балалармен салыстырғанда, отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған мектеп жасына дейінгі балаларда ПТСР белгілері болуы ықтимал және эмпатияны дамыту қиынырақ болады. Отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшыраған жасөспірімдерде әртүрлі психологиялық және физикалық проблемалар, ұйқының немесе тамақтанудың бұзылуы, есірткі мен алкогольді теріс пайдалану және ересек жаста отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуы ықтималдығы жоғары болады.

Отбасылық зорлық-зомбылықты гендерлік қылмыс ретінде де қарауға болады, себебі полиция хабарлаған істердің 79%-ы әйелдерге қатысты жасалған. Отбасылық зорлық-зомбылық әйелдер мен олардың балаларына пропорционалды емес әсер ететін денсаулық сақтау мәселесіне де өзіндік ықпалы бар. Балалар отбасылық зорлық-зомбылық оқиғаларында жиі зардап шегеді. Осы мәселе аясындағы көптеген зерттеулер отбасылық зорлық-зомбылықтың балалардың эмоционалды, әлеуметтік, когнитивті және психологиялық күйіне, сондай-ақ олардың физикалық қауіпсіздігіне тигізетін жағымсыз әсерлерін айтады. Сонымен қатар, балалар көбінесе отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайында ата-анасы тарапынан жасалынатын кісі өлтірудің құрбаны болуы мүмкін. Осылайша, отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен балалар қолданатын күресу стратегияларын түсіну өте маңызды.

Отбасылық зорлық-зомбылықты кешенді шешуге арналған зерттеулер барлық балалар жағымсыз әсерлерден зардап шекпейтінін және пассивті құрбан болудан гөрі белсенді күресу стратегияларын қолдана алатынын атап өтті. Мысалы, Еуропаның төрт еліндегі жүзден астам баламен сұхбат

отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалардың тұрақты болу, зорлық-зомбылыққа қарсы тұру және өзін-өзі оң бағалауды сақтау қабілетін анықтады.

Бұл зерттеудің маңызды бөлігі – балалар мен отбасылық зорлық-зомбылықтан аман қалған адамдардың өмірлік тәжірибесінен олардың болашаққа оң көзқарастары қалыптасып, жетістіктерге жету, өзінің мүмкіндіктерін ашу, білімін дамытуға талпынысының пайда болуымен сипатталады. Ананың психикалық денсаулығы мен жылы лебізі, мейірімі отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар арасындағы жағымсыз нәтижелерді шектейтін ең негізгі фактор болып табылады, осы тұрғыда ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын айту аса қажет.

Аналардың, балалардың және мамандардың денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде балалардың отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшырауын анықтау процесін қалай бастан кешіретіні туралы зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеулердің кейбіреулері зорлық-зомбылық құрбандарын көбінесе қызмет көрсетушілер балаларын зорлық-зомбылықтан қорғай алмады деп айыптайды және оларды қорғауы керек жүйелерден қайта құрбан болады деп болжайды. Полиция және балаларды қорғау сипатындағы міндетті қызметтерде, көп жағдайда зардап шеккендер құрамында ана мен бала, яғни, екі құрбан бар екенін танып-білуге дайындық болмауы мүмкін.

Көрнекті психолог А. Адлер «бақытсыз балалық шақты емдеу бүкіл өмірді қажет етеді» деп санайды. Өмір барысында алған психикалық жарақаттар, оқиғалар адамдарға терең және ұзақ мерзімді әсер етуі мүмкін, ал отбасылық зорлық-зомбылықтың адамдарға ұзақ мерзімді әсерін анықтау жарақатты емдеудің алғышарты болып табылады.

Отбасылық зорлық-зомбылықты физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылық болсын, жақын қарым-қатынаста нақты немесе қауіп төндіретін кез келген зорлық-зомбылық ретінде анықтауға болады. Психологиялық зорлық-зомбылық көбінесе байқалмайтын, бірақ адамға терең эмоционалды және психологиялық жарақаттар қалдыратын мінез-құлқы түрі. Психологтар мен социологтардың зорлық-зомбылықты анықтаудағы түрлі көзқарастарын талдай келе, оның отбасылық қарым-қатынастарға тигізетін зиянды әсері мен ауыр салдары адамның өзіне деген сенімін әлсіретіп, ұзақ мерзімді психологиялық қиындықтарға әкелетіні анықталған.

Отбасылық зорлық-зомбылық мәселесімен айналысатын мамандар үшін зорлық-зомбылық оқиғаларын анықтау, оны конфликтілерден ажырату, зорлық-зомбылық жағдайының қалай дамитынын түсіну өте маңызды. Осы сұрақтарға жауап беру үшін «үш фазалы теорияға» назар аударайық. Бұл теория алғаш рет Ленор Уокердің «The Battered Woman» атты кітабында ұсынылды, ол өз жұмысында зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдермен жүргізілген практикалық зерттеулерінде зорлық-зомбылық оқиғаларының циклдік сипатын анықтаған болатын. Оның теориясының дұрыстығы Ресейдегі дағдарыс орталықтарында жүргізілген зерттеулермен де расталған. Бұл теория отбасылық зорлық-зомбылықты жүйе ретінде қарастырып, оның үш фазадағы циклін анықтайды.

Бірінші «күйзеліс» фазасы ашу-ыза түріндегі тұлғалық жарылыстарымен сипатталады. Әйелдер оларды түсіністікпен қабылдап, жағдайды тыныштандыруға тырысады. Олар өздеріне қорғаныс жасау үшін жауап әрекеттерін қолдануға да тырысуы мүмкін. Осы уақытта әріптестерінің мінез-құлқына негізделген себептер іздеу арқылы зорлық-зомбылықшының әрекеттерін түсіндіріп, оның стрессе болуы мүмкін екендігімен ақтауға тырысуы ықтимал. Бұл фазада әйелдер зорлық-зомбылықтың жарылыстарын бақылауға немесе оның ұзақтығын азайтуға көмектеседі деп ойлап, бейімделу әрекеттерін жиі қолданады. Әдетте осы кезеңде әйелдер көмек сұрауға тырысады. Күйзеліс кезеңі зорлық-зомбылықтың екінші фазасына, яғни «зорлық-зомбылық оқиғасына» ауысады. Бұл фаза жоғары эмоциялық жарылыстармен және физикалық зорлық-зомбылықпен ерекшеленеді. Бұл ең қысқа фаза болып табылады, ұзақтығы 2 сағаттан 24 сағатқа дейін болуы мүмкін. Бұл фаза барысында немесе одан кейін әйел полицияға, әлеуметтік қызметтерге, әйелдерге арналған дағдарыс орталықтарына, сондай-ақ медициналық көмек алу үшін жарақаттану бөлімдеріне жүгінуі мүмкін.

Осыдан кейін зорлық-зомбылықшының қатысуынан кейін, оның мінез-құлқы өзгеріп, оқиғаның ауырлығын жоққа шығаруға ұмтылады. Бұл үшінші фаза: «бал айы» немесе «татуласу (қайғыру) фаза» деп аталады. Осы уақытта ер адам ерекше мейірімділік танытып, өзінің махаббатқа деген сезімдерін білдіріп, өкініш білдіреді. Ол өзінің түзелетініне уәде етіп бірақ әйелді зорлық-зомбылықты «ушықтырды» деп айыптайды. Әйел үшін бұл кезең бұрынғы бақытты қарым-қатынасқа қайта оралғандай сезіледі және дәл осы уақытта одан кету қиын болады. Бірақ уақыт өте келе «бал айы» кезеңі қайтадан бірінші фазаға - «күйзеліс» кезеңіне айналып, соңында екінші фазаға өтуі мүмкін. Бұл теорияның дұрыстығы көптеген зерттеулермен расталған.

Отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте құқықтық қорғау механизмдері, психологиялық қолдау және алдын алу шаралары кешенді түрде жүзеге асырылуы қажет. Елімізде отбасы мәселелері Кабакова М.П. [18] зерттеулерінде жанұя, неке, балалардың психологиялық арақашықтығының ерекшеліктері ата-аналардың өзара әрекеттесу стилімен анықталады, ол қарым-қатынас кезінде алшақтауға бейімділік болған кезде байқалады деп тұжырымдайды. Д. Зүлкәпіл, Л. Т Нуркатова [19] қоғамдағы зорлық-зомбылықтың себептеріне байланысты түрлері, себептері мен салдарын зерттей отырып, зорлық-зомбылықтың мәжбүрлеу және заңсыз екенін атап өтеді.

Қазақстан әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жоюды қоса алғанда, гендерлік теңдік саласындағы барлық негізгі халықаралық міндеттемелерді қолдайды. Дегенмен, елімізде отбасылық зорлық-зомбылық кең етек алып отыр, бұл әйелдерге қарсы барлық зорлық-зомбылықты жою қажеттігі жөніндегі іргелі қағиданың елеулі түрде бұзылғанын көрсетеді. Қазақстан қоғамындағы зорлық-зомбылық құбылысының алдын алу және оған қарсы тұру мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі болып табылады және елде қабылданған, қазіргі уақытта ұлттық деңгейде жүзеге асырылып жатқан міндеттемелерге жатады.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлерінің таралуы туралы ақпарат жинау – бұл әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты жоюға және саясатты, заңнаманы, сондай-ақ қызметтерді әзірлеуге бағытталған жаһандық күш-жігердің маңызды бөлігі болып табылады. Осы орайда балалар мен отбасын зорлық-зомбылық пен қатыгездіктен қолдаудың және қорғаудың қазіргі кезеңінде қолданыстағы Заңнамаларға жаңа өзгерістер мен түзетулер енгізілді. ҚР «Отбасылық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңының «Отбасылық зорлық-зомбылықтың жеке алдын алу шаралары» атты 17-бабы төмендегідей жаңа түзетулермен ұсынылды [20]:

1. Отбасылық зорлық-зомбылықтың жеке алдын алу шаралары отбасылық зорлық-зомбылық жасаған адамның құқықтық санасы мен мінез-құлқына жүйелі түрде нысаналы ықпал ету үшін, оның тарапынан жаңа құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу және жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылады.

2. Отбасылық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шаралары: 1) профилактикалық әңгімелесу; 2) отбасылық зорлық-зомбылық жасаған адамды әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау не қорғау нұсқамасын шығару үшін ішкі істер органдарына жеткізу; 3) қорғау нұсқамасы; 4) әкімшілік ұстау; 5) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары; 6) құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу; 7) әкімшілік жаза; 8) ата-ана құқықтарынан айыру не шектеу, бала асырап алудың күшін жою, қорғаншылар мен қамқоршыларды өз міндеттерін атқарудан босату және шеттету, баланы патронат тәрбиешіге тәрбиелеуге беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу; 9) қылмыстық процесте жәбірленушілерді процестік мәжбүрлеу шаралары және қауіпсіздік шаралары; 10) сот үкімі бойынша қабылданатын шаралар.

3. Отбасылық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шаралары оған қатысты қолданылатын адамның жеке ерекшеліктері, ол жасаған құқық бұзушылықтардың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі ескеріле отырып айқындалады. 3-1. Отбасылық зорлық-зомбылық қауіп немесе фактілері анықталған кезде уәкілетті мемлекеттік органдар мен көмек көрсету жөніндегі ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қабылдайды.

4. Жеке профилактика шараларын қолдану туралы шешімге мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Заңы мен «Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету» жөніндегі қаулысына да өзгертулер мен түзетулер енгізілді [21].

1. Баланы уланудың (буллингтің) алдын алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы [22].

2. Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы [23].

3. «Отбасылық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы (16.06.2024 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) [24].


4. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі (11.01.2025 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) [25].

Заңдардың жаңа түзетулері алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар, бұл отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алуға арналған кешенді шараларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Кәмелетке толмағандар үшін отбасылық зорлық-зомбылықпен байланысты және зорлық-зомбылықтың әсер ету формасына сәйкес тікелей және жанама әсерлерге бөлінеді. Тікелей әсер ету түрі кәмелетке толмағандардың отбасындағы тікелей физикалық шабуылдары мен зорлық-зомбылығын көрсетсе, екіншісі кәмелетке толмағандардың отбасы мүшелерінен көрген немесе естіген зорлық-зомбылық немесе агрессивті мінез-құлқын білдіреді.

Отбасылық зорлық-зомбылық қандай нысанда болса да, кәмелетке толмағандарға физикалық және психологиялық жарақат әкеледі. Эмпирикалық дәлелдемелер көрсеткендей, отбасындағы зорлық-зомбылық балалардың өсуіне айтарлықтай зиян келтіреді және оның жиынтық салдары ересек жасқа дейін созылуы мүмкін. Отбасылық зорлық-зомбылықтың зияны әр түрлі жастағы балалар үшін әр түрлі, ал ерте және ұзақ мерзімді байланыс одан да күрделі мәселелер тудыруы мүмкін. Аналары жүктілік кезінде зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалардың 44%-ында кем дегенде бір психологиялық жарақат симптомы болады [26]. Отбасылық зорлық-зомбылық балалардың миының дамуына әсер ететіні жиі байқалады. Сот-медициналық тәжірибе гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық аспектілерін зерделеуге және қоғамдағы осындай келеңсіз құбылыстармен күресудің алдын алу шараларын ұсынуға мүмкіндік береді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеуде барысында отбасындағы зорлық зомбылық мәселесін зерттеу бойынша педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге талдау, жинақтау, жүйелеу жасалып, «Отбасындағы ерлі-зайыптылардың эмоциялық күйі мен зорлық-зомбылық қатынасы» атты авторлық сауалнама (авторлары Бапаева М.К, Багибаева М.И, Қуантканова Ф.М., Аубәкір А.С. Байздрахманова А.К.) қолданылды. Зерттеуде қолданылған авторлық сауалнама отбасы ішіндегі эмоциялық күй мен зорлық-зомбылық қатынасын жан-жақты талдауға бағытталған. Сауалнама арқылы жинақталған мәліметтер бірнеше маңызды тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Онлайн форматта жүргізілген зерттеу Қазақстанның бес аймағын (оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс, орталық қамтыды. Сауалнамаға жалпы саны 2600 респондент қатысты. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 88,1%-ын әйелдер, 11,9%-ын ерлер құрайды. Қатысушылардың жасы-25 пен 55 жас және одан жоғары аралығын қамтыды, білім деңгейлері - жоғары-47,6%, орта арнаулы – 28,7%, орта – 23,7%.


**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Отбасылық зорлық-зомбылық мәселесін зерттеу аясында алдымен ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктері мен ықтимал қиындықтарын анықтау мақсатында респонденттерге «Сіз жұбайыңызбен қарым-қатынасыңыздың деңгейіне қаншалықты қанағаттанасыз?» деген сұрақ қойылды. Жауаптардың үлестік көрсеткіштері төмендегідей нәтижелерді көрсетті (Сурет.1 - Жұбайыңызбен қарым-қатынас деңгейіңізге қаншалықты қанағаттанасыз?):



Сурет 1 – Жұбайыңызбен қарым-қатынас деңгейіңізге қаншалықты қанағаттанасыз?  
(1-мүлде қанағаттанбаймын, 5- қанағаттандырарлық аралығында бағалаңыз)

Жұбайымен қарым-қатынасына толық қанағаттанатын (5 балл) респонденттердің үлесі 51,6%-ды құрайды, ал 27%-ы (4 балл) қарым-қатынасының деңгейін ортадан жоғары деп бағалайды. Бейтарап көзқарасты (3 балл) білдіргендер – 12,6%. Сонымен қатар, 2,5%-ы (2 балл) қарым-қатынасына

қанағаттанбайтынын, ал 6,3%-ы (1 балл) мүлдем қанағаттанбайтынын көрсеткен. Бұл мәліметтер ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың көбіне қанағаттанарлық деңгейде екенін көрсетеді. Алайда, 8,8%-ға жуық респондент қарым-қатынасына қанағаттанбайтынын немесе мүлдем қанағаттанбайтынын атап өткен, бұл кейбір отбасыларда қарым-қатынасты жақсарту қажеттілігін білдіреді. Ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынастың сапасын бағалау және отбасылық коммуникация деңгейін анықтау мақсатында респонденттерге «Жұбайыңызбен отбасындағы түрлі мәселелер мен олардың шешу жолдарын қаншалықты жиі талқылайсыз?» деген сұрақ қойылды. Жауаптардың үлестік көрсеткіштері төмендегідей нәтижелерді көрсетті (Сурет. 2 - Жұбайыңызбен отбасындағы түрлі мәселелер мен оның шешу жолдарын қаншалықты жиі талқылайсыз?):



Сурет 2 – Жұбайыңызбен отбасындағы түрлі мәселелер мен оның шешу жолдарын қаншалықты жиі талқылайсыз? (1- ешқашан, 5-өте жиі аралығында бағалаңыз)

Респонденттердің басым бөлігі (47,15%) отбасындағы мәселелерді жұбайымен өте жиі (5 балл) талқылайтынын көрсеткен, ал 27,9%-ы (4 балл) жиі талқылайтынын мәлімдеген. Бұл көрсеткіштер ерлі-зайыптылар арасындағы коммуникацияның жоғары деңгейде екенін және олардың ашық диалог орнатуға ұмтылатынын көрсетеді. Орташа деңгейде (3 балл) талқылайтындар – 15,15%, бұл топта тұрақты диалогтың болмауы байқалады, бірақ қажеттілік туындаған жағдайда мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар, 9%-ы (2 балл) сирек талқылайтынын, ал 6,3%-ы (1 балл) мүлдем талқыламайтынын көрсеткен. Бұл топтарда отбасылық коммуникацияның әлсіздігі байқалады, бұл өзара түсініспеушілікке, шиеленістердің жиналуына және эмоционалдық алшақтықтың күшеюіне әкелуі мүмкін. Зерттеу барысында респонденттерден «Отбасындағы зорлық-зомбылықпен бетпе-бет келгенде қандай сезімдерді бастан өткересіз?» деген сұраққа жауап алу нәтижесінде төмендегідей статистикалық көрсеткіштер анықталды (Сурет. 3 - Отбасындағы зорлық-зомбылықпен бетпе-бет келгенде қандай сезімдерді бастан өткересіз?). Бұл мәліметтер зорлық-зомбылықтың эмоционалдық және психологиялық әсерін бағалауға, сондай-ақ жәбірленушілердің күйзеліс деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.



Сурет 3 – Отбасындағы зорлық-зомбылықпен бетпе-бет келгенде қандай сезімдерді бастан өткересіз?


Респонденттердің басым бөлігі – 35,75% зорлық-зомбылық жағдайында қорқыныш пен алаңдаушылықты сезінетінін көрсеткен. Бұл көрсеткіш зорлық-зомбылықтың эмоциялық-стресс

фактор ретіндегі ықпалын растайды және жәбірленушілердің қауіпсіздікті бірінші кезекке қоятынын айқындайды. 9,45%-ының өзін қорғансыз сезінуі олардың шарасыздық күйіне түсетінін және психологиялық көмекке зәру екенін білдіреді. 27,9% ашу мен ыза сезінетінін атап өткен, бұл олардың зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға немесе оның әділетсіздігін сезінуге бейім екенін көрсетеді. 11,4% қашып кетуді қалайтынын білдірген, бұл зорлық-зомбылыққа қарсы шара ретінде физикалық қашуды таңдауы мүмкін екенін көрсетеді. 15,5% респонденттер отбасында зорлық-зомбылық жоқ екенін мәлімдеген. Бұл көрсеткіш зорлық-зомбылықтың барлық отбасыларда орын алмайтынын көрсеткенімен, оның төмендігі бұл мәселенің кең таралғанын айғақтайды.

Зерттеу нәтижелері зорлық-зомбылықтың теріс психологиялық әсерін және оның жәбірленушілер үшін ауыр эмоционалдық тәжірибе екенін көрсетеді. Қорқыныш, алаңдаушылық, ашу мен қорғансыздық сезімдері зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдардың психологиялық әлауқатына кері әсер етеді.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу әдістері туралы хабардарлық деңгейін анықтау мақсатында «Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу әдіс-тәсілдерімен қаншалықты хабардарсыз?» деген сұрақ қойылды. Бұл сұраққа алынған жауаптар респонденттердің ақпараттану деңгейін ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес шараларының тиімділігі мен қолжетімділігін де жанама түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері төмендегідей үлестік көрсеткіштерді көрсетті (Сурет. 4 - Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу әдіс-тәсілдермен өзіңізді қаншалықты хабардар деп есептейсіз?):



Сурет 4 – Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу әдіс-тәсілдермен өзіңізді қаншалықты хабардар деп есептейсіз? (1-мүлдем хабардар емесін, 5-өте жақсы хабардармын аралығында бағалаңыз)

Респонденттердің басым бөлігі – 43,1% зорлық-зомбылықтың алдын алу әдістерін өте жақсы білетінін көрсеткен. 27%-ының жақсы хабардар болуы бұл тақырыптың қоғамда кеңінен талқыланып, ақпараттың қолжетімді екенін білдіреді. Бұл көрсеткіштер зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары туралы ақпараттың жеткілікті деңгейде таралғанын айғақтайды. 19,45% орташа деңгейде хабардар екенін көрсеткен, бұл олардың алдын алу әдістері туралы біршама мағлұматтарының барын, бірақ толық ақпаратқа ие емес екенін білдіреді. 6,6%-ы мүлдем хабарсыз, 3,85%-ы әлсіз хабардар. Бұл топтар зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары туралы ақпаратты жеткіліксіз меңгергенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері респонденттердің көпшілігі (70%-дан астамы) отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу әдістері туралы хабардар екенін көрсетеді. Дегенмен, қоғамның белгілі бір бөлігі бұл тақырыптан хабарсыз, бұл алдын алу шараларын күшейтуді қажет етеді. Отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алудағы ең тиімді шараларды анықтау мақсатында респонденттерге «Зорлық-зомбылықтың алдын алуда қай шараны ең тиімді деп санайсыз?» деген сұрақ қойылды (Сурет. 5 - Зорлық-зомбылықтың алдын алуда қай шараны ең тиімді деп санайсыз?). Бұл сұраққа алынған жауаптар қоғамдағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің басымдықтарын айқындауға, сондай-ақ алдын алу шараларының тиімділігі мен қажеттілігін бағалауға мүмкіндік береді.



Сурет 5 – «Зорлық-зомбылықтың алдын алуда қай шараны ең тиімді деп санайсыз?»

Респонденттердің зорлық-зомбылықтың алдын алудағы ең тиімді шаралар туралы пікірі: 55,55% – отбасы мен достар тарапынан қолдауды маңызды деп санайды; 44,05% – заңды қорғау тиімді екенін көрсетеді; 38,8% – білім беру бағдарламаларының маңыздылығын атап өтеді; 35,1% – психологиялық кеңес берудің қажеттілігін айтады.

Бұл деректер зорлық-зомбылықпен күресуде кешенді тәсіл қолдану керектігін көрсетеді. Жәбірленушілер үшін жақындары тарапынан әлеуметтік қолдау маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, құқықтық қорғау, білім беру бағдарламалары және психологиялық көмек зорлық-зомбылықтың алдын алудың негізгі факторлары болып табылады. Зерттеу нәтижелері бойынша зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін әлеуметтік қолдау, құқықтық қорғау, білім беру және психологиялық көмек кешенді түрде жүзеге асырылуы қажет.

Зерттеу барысында статистикалық деректерді талдау *jamovi* (Version 2.6) бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылды. Бұл бағдарлама психологиялық зерттеулерде кеңінен қолданылатын заманауи статистикалық талдау құрал. Оның артықшылығы – пайдаланушыға ыңғайлы интерфейс, нәтижелердің визуалды түрде берілуі және классикалық, сондай-ақ параметрлік емес критерийлерді икемді қолдану мүмкіндігі.

Зерттеу барысында өзіндік рефлексияның отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға ықпалын анықтау мақсатында сызықтық регрессиялық талдау жүргізілді. Бұл модель ата-аналардың психологиялық мәдениеті (C), бала тәрбиесінде психологиялық әдістерді қолдану жиілігі (D), жұбайымен мәселелерді талқылау деңгейі (E) және қарым-қатынасқа қанағаттану деңгейі (F) айнымалыларының өзіндік рефлексияға қатысты көзқарасқа ықпалын бағалауға бағытталды. Модельдің сәйкестік көрсеткіштері 1-кестеде берілген.

Кесте 1. Сызықтық регрессиялық модельдің сәйкестік көрсеткіштері

Модельге сәйкестік көрсеткіштері				Модельдің жалпы маңыздылығын тексеру			
Модель	R	R <sup>2</sup>	Түзетілген R <sup>2</sup>	F	df1	df2	p
1	0.358	0.128	0.0984	4.33	4	118	0.003
<i>Ескерту.</i> N=123 респонденттер өлшемін пайдаланып бағаланған модель							

Алынған нәтижелер бойынша модельдің сәйкестік деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланады ( $R = 0.358$ ), бұл тәуелді және тәуелсіз айнымалылар арасында орташа деңгейдегі оң байланыс бар екенін көрсетеді. Түсіндірілген дисперсия үлесі ( $R^2 = 0.128$ ) модель жалпы вариацияның шамамен 12,8%-ын түсіндіретінін аңғартады. Түзетілген  $R^2$  көрсеткіші (0.0984) зерттеуге енгізілген айнымалылардың бірқатарының ықпалы шектеулі екенін білдіреді.

F-критерийдің мәні ( $F(4,118) = 4.33$ ,  $p = 0.003$ ) модельдің жалпы статистикалық тұрғыда мәнді екенін дәлелдейді. Бұл көрсеткіш зерттеуге енгізілген факторлар жиынтығы өзіндік рефлексия мен

зорлық-зомбылықтың алдын алу арасындағы байланысты айтарлықтай дәрежеде болжай алатынын көрсетеді.

Осылайша, модель нәтижелері ата-аналардың психологиялық мәдениеті мен бала тәрбиесіндегі психологиялық әдістерді қолдану жиілігі сияқты факторлардың зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған өзіндік рефлексиялық ұстанымдарға ықпал етуі мүмкін екенін көрсетті.

Зерттеу барысында «Сіз өзіндік рефлексияны қаншалықты орындап жүрсіз?» деген тәуелді айнымалыны болжауға бағытталған сызықтық регрессиялық талдау нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген. Талдауға ата-аналардың психологиялық мәдениеті (С), бала тәрбиесінде психологиялық әдістерді қолдану жиілігі (D), жұбайымен отбасылық мәселелерді талқылау деңгейі (E) және қарым-қатынасқа қанағаттану деңгейі (F) енгізілді. Бұл айнымалылардың әрқайсысының өзіндік рефлексияға ықпалы бағаланды.


Кесте 2. «Өзіндік рефлексияны орындау» моделінің регрессиялық коэффициенттері

«Өзіндік рефлексияға қатысты көзқарастың қалыптасуы» Моделінің коэффициенттері						
			95% сенімділік интервалы		t	p
Предиктор	Үлесі	SE	Төменгі	Жоғарғы		
Константа	0.4811	0.6275	-0.761	1.724	0.767	0.445
Ата-аналардың психологиялық мәдениеті	0.2234	0.2057	-0.184	0.631	1.086	0.280
Бала тәрбиесінде психологиялық әдістерді қолдану жиілігі	0.3056	0.0835	0.140	0.471	3.659	<.001
Жұбайымен мәселелерді талқылау деңгейі	0.0850	0.1246	-0.162	0.332	0.682	0.497
Жұбайымен қарым-қатынасқа қанағаттану деңгейі	0.0568	0.1296	-0.200	0.313	0.438	0.662

Жүргізілген регрессиялық талдау нәтижелері «Өзіндік рефлексияға қатысты көзқарастың қалыптасуы» ықпал ететін психологиялық айнымалылардың үлесін бағалауға мүмкіндік берді. Модель жалпы алғанда статистикалық тұрғыдан мәнді болып шықты ( $F(4,118) = 4.33, p = 0.003$ ), бұл таңдалған предикторлар өзіндік рефлексия деңгейінің өзгерісін елеулі дәрежеде болжай алатынын көрсетеді. Кестедегі мәліметтерге сәйкес, өзіндік рефлексияның ең ықпалды болжамдаушысы – «Бала тәрбиесінде психологиялық әдістерді қолдану жиілігі» деген айнымалы ( $\beta = 0.3056, p < 0.001$ ). Бұл нәтиже бала тәрбиесінде психологиялық білім мен әдістерді белсенді пайдаланатын ата-аналардың өзін-өзі талдау, мінез-құлқын бағалау және ішкі күйін түсіну қабілеттері жоғары болатынын көрсетеді. Басқаша айтқанда, тәрбиелік үдерісте саналы тәсіл қолдану рефлексиялық қабілетті күшейтеді, ал бұл өз кезегінде отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу әлеуетін арттырады. Ал психологиялық мәдениет деңгейі айнымалысы оң бағыттағы, бірақ статистикалық тұрғыдан мәнсіз байланыс көрсетті ( $\beta = 0.2234, p = 0.280$ ). Бұл ата-аналар өздерін психологиялық мәдениетті деп бағалағанымен, олардың нақты рефлексиялық дағдылары әрқашан жоғары бола бермейтінін аңғартады. Мұндай айырмашылық субъективті өзін-өзі бағалаудың объективті рефлексиядан алшақ болуы мүмкін екенін білдіреді. Жұбайымен мәселелерді талқылау жиілігі ( $\beta = 0.0850, p = 0.497$ ) мен қарым-қатынасқа қанағаттану деңгейі ( $\beta = 0.0568, p = 0.662$ ) де оң бағыттағы, бірақ мәнсіз байланыс көрсетті. Бұл нәтижелер ерлі-зайыптылар арасындағы коммуникация мен эмоционалдық қанағаттанушылық рефлексиямен ішінара байланысса да, оның негізгі айқындаушы факторлары емес екенін дәлелдейді. Яғни, рефлексияның дамуы тұлғаның жеке ішкі жұмысымен, өз эмоциясы мен әрекеттерін жүйелі талдаумен көбірек байланысты. Жалпы алғанда, модель өзіндік рефлексия деңгейіндегі өзгерістердің шамамен 12,8%-ын ( $R^2 = 0.128$ ) түсіндіреді. Бұл көрсеткіш рефлексияға әсер ететін басқа да факторлардың бар екенін (мысалы, тұлғалық қасиеттер, өмірлік тәжірибе, эмоционалдық интеллект деңгейі және т.б.) меңзейді. Психологиялық тұрғыдан алғанда, алынған нәтижелер ата-аналық психологиялық мәдениет пен рефлексия арасындағы байланыстың екі деңгейлі құрылымын көрсетеді: Когнитивтік деңгейде – ата-аналар психологиялық әдістерді меңгеріп, оларды тәжірибеде қолдану арқылы өз мінез-құлқы мен реакцияларын талдауға бейімделеді; Эмоциялық деңгейде – қарым-қатынасқа қанағаттану және эмоционалдық ашықтық рефлексияның тереңдігіне жанама түрде ықпал етуі мүмкін, бірақ басты фактор болмайды.

Осылайша, зерттеу нәтижелері өзіндік рефлексияның дамуы ата-аналардың психологиялық білім мен әдістерді саналы қолдануымен тығыз байланысты екенін көрсетті.

Деректердің қалыпты үлестірілу дәрежесін визуалды бағалау үшін Q-Q графигін қолдануға болады. Бұл графикте теориялық (қалыпты) квантильдер мен эмпирикалық (нақты) квантильдердің сәйкестігі бейнеленеді. Егер деректер қалыпты үлестірілген болса, нүктелер диагональ бойымен (яғни 45° сызық бойында) шоғырлануы тиіс (Сурет 6 – Зерттеу айнымалыларының қалдықтарының үлестірілуін Q-Q графигі бойынша бағалау):



Сурет 6 – Зерттеу айнымалыларының қалдықтарының үлестірілуін Q-Q графигі бойынша бағалау

Осы зерттеу нәтижесінде алынған Q-Q графигінде деректер нүктелерінің көпшілігі диагональ бойына жақын орналасқанымен, шеткі нүктелердің аздаған ауытқуы байқалады. Бұл деректердің ішінара қалыпты үлестірілуге сәйкес, бірақ шамалы асимметрия немесе эксцесс бар екенін көрсетеді. Q-Q графигіндегі көрініс психологиялық айнымалылардың табиғи индивидуалды айырмашылықтарын бейнелейді және зерттеу объектісінің шынайы, өмірлік ерекшеліктерін көрсетеді. Осылайша, Q-Q графигінің жалпы бейнесі және тест нәтижелері деректердің қалыптылыққа жақын сипатта екенін, яғни алынған регрессиялық модельді интерпретациялау үшін қолайлы статистикалық негіз бар екенін айғақтайды.

**Қорытынды.** Отбасы, әлеуметтік және психологиялық бірлік ретінде тек құрылым ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік бейімделу және жеке тұлғаның қалыптасу процесі жүретін динамикалық жүйе болып табылады. Отбасыны түсіну үшін оның өзара байланысқан түсініктері, яғни тұлға, қоғам, әлеуметтік құрылым және неке сияқты ұғымдарды ескеру қажет. Тұлға тұрғысынан отбасы – бұл жеке тұлғаның қалыптасуына, әлеуметтік және эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға әсер ететін маңызды фактор. Отбасы мүшелері бір-біріне моральдық және психологиялық қолдау көрсетіп, олардың дамуында, өмірлік дағдыларды игеруде және өзіндік жауапкершілікті сезінуде маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижелеріне жасалған талдау жүргізілген авторлық сауалнама негізінде отбасындағы жұбайлар арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктері мен қиындықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл зерттеу барысында респонденттердің отбасылық қарым-қатынастар сапасын бағалауы, өзара түсіністік деңгейі, пікір алмасу дағдылары, ортақ шешім қабылдау мүмкіндіктері, сондай-ақ зорлық-зомбылықтың эмоционалдық және психологиялық әсерін сезіну деңгейі сарапталды. Сонымен қатар, сауалнама арқылы зардап шеккен адамның күйзеліс деңгейін анықтау мүмкін болды. Статистикалық деректерді талдауда jamovi (Version 2.6) бағдарламасы қолданылды. Өзіндік рефлексияның отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға ықпалын анықтау үшін сызықтық регрессиялық талдау жүзеге асырылды. Зерттеу барысында әлеуметтік факторлардың отбасы динамикасына ықпалы да маңызды екені анықталды. Экономикалық қиындықтар, заңнамалық өзгерістер, әлеуметтік желілер мен технологиялық өзгерістер отбасы қарым-қатынасына оң да, теріс те әсерін тигізеді. Жүргізілген зерттеу жұмысы қазіргі уақытта отбасы жаңа сынтетеуіріндермен бетпе-бет келіп, оған бейімделіп, икемді болу қажеттілігін көрсетеді. Осыған байланысты, отбасы институтының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жан-жақты қолдау көрсету, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және құқықтық қорғау тетіктерін жетілдіру ұсынылады. Бұл зерттеу нәтижелері отбасылық қарым-қатынастардың сапасын арттыруға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын күшейтуге және отбасылардың тұрақтылығын нығайтуға бағытталған кешенді тәсілдерді әзірлеуге негіз бола алады.

**Алғыс.** Мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыруы шеңберінде дайындалды (АР23490817 «Өзіндік рефлексия отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуда ата-аналардың психологиялық мәдениетін қалыптастырудың құралы ретінде»).

**Әдебиеттер:**

1. Chhabra, M., Fiore, L., Pérez-Villanueva, S. *Violence against women: representations, interpretations, and education. Violence Women.* – 2020. – Vol. 26, № 14. – p. 1743–1750.
1. Moore, A.M., Gover, A.R. *Violence against women: reflecting on 25 years of the violence against women act and directions for the future. Violence Women.* – 2021. – Vol. 27, № 1. – p. 3–7.
2. Kolbe, V., Büttner, A. *Domestic violence against men—prevalence and risk factors. Deutsches Ärzteblatt International.* – 2020. – Vol. 117, № 31–32. – p. 534–541.
3. Stoltenborgh M., Bakermans-Kranenburg M.J., Alink L.R.A., van IJzendoorn M.H. (2015). *The prevalence of child maltreatment across the globe: review of a series of meta-analyses. Child Abuse Rev.,* Vol. 24, pp. 37–50. DOI: 10.1002/car.2353.
4. Lin S.C., Su C.Y., Chou F.H., et al. *Domestic violence recidivism in high-risk Taiwanese offenders after the completion of violence treatment programs // J. Forens Psychiatry Psychol.* – 2009. – Vol. 20, No. 3. – P. 458–472. DOI: 10.1080/14789940802638341.
5. *The jamovi project. jamovi (Version 2.6) [Computer Software].* – 2024. – URL: [https](https://www.jamovi.org/) (дата обращения: 30.04.2025).
6. Bandura, A. *Social Learning Theory.* – Moscow : Progress Publishers, 1977.
7. Bowen, M. *Family Therapy in Clinical Practice.* – New York : Jason Aronson, 1978.
8. Bowlby, J. *Attachment and Loss. Vol. 1: Attachment.* – New York : Basic Books, 1969.
9. Dutton, D. G. *The Domestic Assault of Women: Psychological and Criminal Justice Perspectives.* – Boston : Allyn & Bacon, 1988.
10. Millett, K. *Sexual Politics.* – New York : Doubleday, 1970.
11. Gelles, R. J., Straus, M. A. *Intimate Violence: The Causes and Consequences of Abuse in the American Family.* – New York : Simon & Schuster, 1988.
12. Goode, W. J. *Power and violence in the family // Journal of Marriage and the Family.* – 1971. – Vol. 33, No. 4. – p. 624–636.
13. Dobash, R. E., Dobash, R. P. *Violence Against Wives: A Case Against the Patriarchy.* – New York : Free Press, 1979.
14. Freud, S. *Civilization and Its Discontents.* – Vienna, 1930.
15. Fromm, E. *The Anatomy of Human Destructiveness.* – New York : Holt, Rinehart and Winston, 1973.
16. Adler, A.. *What Life Could Mean to You / A. Adler.* – Boston (MA) : Little, Brown and Company, 1931. – 260 p. – ISBN: 1684117259
17. Dutton, D. G. *The Domestic Assault of Women: Psychological and Criminal Justice Perspectives.* – Boston : Allyn & Bacon, 1988.
18. Кабакова, М. П., Касымбекова, А. А. Особенности психологической дистанции между детьми и родителями. *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Психология».* – 2018. – № 1 (54). – С. 200–204.
19. Зүлкәпіл, Д., Нұркатова, Л. Т. Орлық-зомбылық көрсетудің түрлері, оның себептері мен салдарлары. *Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии.* – 2019. – Т. 71, № 4.
20. Қазақстан Республикасы. Заң № 214-IV «Отбасылық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы»: 2009 жылғы 4 желтоқсан ; 16.06.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен. – Астана, 2009.
21. Қазақстан Республикасы. Кодекс № 518-IV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы»: 2011 жылғы 26 желтоқсан ; 11.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен. – Астана, 2011.
22. Қазақстан Республикасы. Үкіметі. Қаулы № 748 «Балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы»: 2023 жылғы 31 тамыз. – Астана, 2023.
23. Қазақстан Республикасы. Білім министрі. Бұйрық № 506 «Баланы уланудың (буллингтің) алдын алу қағидаларын бекіту туралы»: 2022 жылғы 21 желтоқсан. – Астана, 2022.

24. Levendosky, A. A., Huth-Bocks, A. C., Shapiro, D. L., Semel, M. A. *The impact of domestic violence on the maternal-child relationship and preschool-age children's functioning* // *Journal of Family Psychology*. – 2003. – Vol. 17, № 3. – P. 275–287. – DOI: 10.1037/0893-3200.17.3.275.
25. R Core Team. *R: A Language and Environment for Statistical Computing (Version 4.4)* [Computer Software]. – 2024. – URL: [https](https://cran.r-project.org/) (R packages retrieved from CRAN snapshot 2024-08-07).
26. Gallucci, M., Jentschke, S. *SEMLj: jamovi SEM Analysis [jamovi module]*. – 2021. – URL: [https](https://cran.r-project.org/web/packages/SEMLj/index.html).

IRSTI: 15.81.21

UDC: 10.51889/2959-5967.2025.85.4.026

М.А. Куанали<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Turan University, Almaty, Kazakhstan

## PSYCHOLOGICAL ASPECTS OF CONFLICT RESOLUTION IN UNIVERSITY BY USING THE WAYS OF TRADITIONAL CULTURE OF THE KAZAKH PEOPLE

### Abstract

Traditional Kazakh cultural practices are deeply rooted in principles of respect, wisdom, and collective well-being, making them highly relevant for addressing conflicts among diverse groups in modern academic environments. The article investigates the psychological aspects of conflict resolution in a university setting, when approached through the lens of traditional Kazakh culture.

In the theoretical study scientific literature on the problem of pedagogical conflicts is analyzed. The notion of conflict in psychology and characteristics of the pedagogical conflict are broken down. The potential of implementing traditional ways of the Kazakh people to resolve conflict situations in universities has been examined. For example, relying on the wisdom of Kazakh biys can lead to constructive conflict resolution.

The primary empirical study allowed for a comparative analysis of the psychological characteristics of self-actualization of students of humanities and natural sciences of Abai Kazakh National Pedagogical University. It allowed us to develop a complex of socio-psychological trainings for students' assimilation of effective ways of using folk wisdom in conflict situations and contribution to their self-realization.

To sum up, it was found that conflict situations encountered by university students, if resolved peacefully and constructively, can lead to their personal growth and successful self-actualization. However, it is better to avoid unnecessary conflicts in the educational process. For this, Kazakhstani teachers should rely on folk wisdom and humor.

**Key words:** conflicts, conflict resolution methods, university students, folk wisdom, elements of traditional culture, Kazakh biys, psychological peculiarities.

М.А. Қуанәлі<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Туран университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖОО-ДАҒЫ КІКІЛЖІҢДЕРДІ ШЕШУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### Аңдатпа

Қазақтың дәстүрлі мәдени тәжірибелері сыйластық, даналық, ұжымдық әл-ауқат қағидаттарына терең еніп, оларды қазіргі академиялық ортадағы әртүрлі топтар арасындағы кикілжіңдерді шешу үшін өте өзекті болып табылады. Мақалада университет жағдайындағы жанжалдарды шешудің психологиялық аспектілері, дәстүрлі қазақ мәдениетінің объективі арқылы қарастырылған кезде зерттеледі.

Теориялық зерттеуде педагогикалық кикілжіңдер мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттер талданады. Психологиядағы кикілжің ұғымы және педагогикалық кикілжіңдердің